## "Жер салығы ставкасына бағалық аймақтарға бөлу сұлбасы мен түзету коэффициенттерін бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 28 маусымдағы N 23/226 шешіміне өзгертулер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 09 маусымдағы N 30/240 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 шілдеде N 8-4-188 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2012 жылғы 14 наурыздағы N 2/20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2012.03.14 N 2/20 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 28 маусымдағы N 23/226 "Жер салығы ставкасына бағалық аймақтарға бөлу сұлбасы мен түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 870 болып тіркелген, 2002 жылғы 7 тамыздағы N 61-62 "Балқаш өңірі" газетінде, 2002 жылғы 7 тамыздағы N 64 "Балхашский рабочий" газетінде жарияланған), қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 30 қыркүйектегі N 25/237 "Қалалық мәслихаттың 28.06.2002 ж. "Жер салығы ставкасына бағалық аймақтарға бөлу сұлбасы мен түзету коэффициенттерін бекіту туралы" N 23/226 шешіміне толықтыру енгізу жөнінде" шешімімен толықтыру енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 965 болып тіркелген, 2002 жылғы 1 карашадағы N 88 "Балқаш өңірі" газетінде, 2002 жылғы 1 карашадағы N 88 "Балхашский рабочий" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгертулер енгізілсін:

1) шешімнің кіріспе бөлігі келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:".

Ескерту. Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2002.06.28 N 23/

226 шешімі РҚАО-на түспеген.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, заңдылық және азамат құқығы, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін ( Баймағанбетов Е.К.).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Сессия төрағасы* *Е. Баймағанбетов*

*Қалалық мәслихат хатшысы* *И. Сторожко*

КЕЛІСІЛДІ

*Қала әкімі* *Қ.Г. Тейлянов*

2010 жыл 09 маусым

*Жер қатынастары бөлімі бастығының міндетін атқарушы* *А.Т. Мамытова*

2010 жыл 09 маусым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК